

«Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрі» КМҚК-де мемлекеттік сатып алулар және іс-шараларды мақсатты жоспарлауында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша талдамалық анықтама

Атырау қаласы

2025 жылы 25 қыркүйек

«Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрі» КМҚК-ның (әрі қарай- Оркестр) басшысының 2025 жылғы 15 қыркүйек № 03- бұйрығы негізінде 2025 жылдың 15 қыркүйек – 25 қыркүйек аралығында Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісі Оркестрдің бас ұйымдастырушының жұмысына ішкі талдау жүргізілді.

Талдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1. Жарнама ұйымдастыру, радио, теледидар және баспасөз беттеріне шығу жолымен көрермендермен белсенді жұмыс жүргізу;
2. Республиканың, облыстардың және алыс, жақын шетелдердің шығармашылық ұйымдарымен іскерлік ынтымақтастық орнату;
3. Басқа концерттік ұйымдармен, оркестрлермен және қоғамдық корлармен бірлесіп гастрольдер өткізу;
4. Облыс, қала, аудандар ұйымдарымен және кәсіпорындарымен бірлесіп, концерттік, салтанатты кештер өткізу бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу.
5. Қорытынды;

Ішкі талдау 2025 жылдың 01 қаңтар айынан – 2025 жылдың 25 қыркүйек айының (9 ай) аралығында ішкі талдау жүргізілді.

I. Жарнама ұйымдастыру, радио, теледидар және баспасөз беттеріне шығу жолымен көрермендермен белсенді жұмыс жүргізу:

Оркестр мен "Caspian NEWS" ЖШС-і арасында 2025ж. 27 қаңтар айында №7 мемлекеттік сатып алу шарты 22 892 150 теңгеге жасакталды. Шарт бойынша көрсету қызметі 31 желтоқсан 2025 жылға дейін.

Оркестрдің 2025ж. жоспары негізінде, яғни 9 айда өткізілген шаралар бойынша атқарылған жұмыстар:

1. Жеке орындаушылардың «Бабадан аманат» дәстүрлі ән-күй кеші бойынша, баннер 3м*6м 1 дана; бағдарлама шығару 40 данада; Шақыру билет 100 данада; афиша А2 – 40 данада А3 40 – данада; ПТС қызметі; бейне контент, фото-видео; Жарнамалық бейне-ролик дайындау; сайттарға, әлеуметтік желілерге акпараттандырумен қамтамасыз ету-1 қызмет; афиша, баннер, шақыру билет эскизі дайындалды.
2. Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрінің жанындағы «Сармат» этно-фольклорлық ансамблінің концерті бойынша, Баннер 3м*6м - 1 дана; бағдарлама шығару 1 дана; шақыру билет 100 данада; афиша А2 – 40 данада А3 40 – данада; ПТС қызметі; бейне контент, фото-видео; жарнамалық бейне-ролик дайындау; сайттарға, әлеуметтік желілерге

ақпараттандырумен қамтамасыз ету - 1 қызмет; афиша, баннер, шақыру билет эскизін дайындау.

3. Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрінің Дирижерлер шеруі концерті бойынша, баннер 3м*6м - 1 дана; бағдарлама шығару 40 данада; шақыру билет 100 данада; афиша А2 – 40 данада А3 40 – данада; ПТС қызметі; бейне контент, фото-видео; жарнамалық бейне-ролик дайындау; сайттарға, әлеуметтік желілерге ақпараттандырумен қамтамасыз ету - 1 қызмет;

4. Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрінің Батыс Қазақстан облысы Орал қаласына гастрольдік сапары бойынша, баннер 3м*6м – 1 дана; бағдарлама шығару 40 данада; шақыру билет 100 данада; афиша А2 – 40 данада А3 40 – данада; бейне контент, фото-видео; жарнамалық бейне-ролик дайындау - 1 қызмет;

5. Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрі Н.Тілендиевтің 100 жылдығына арналған «Ата толғауы» атты концерті бойынша, баннер 3м*6м – 1 дана; бағдарлама шығару 40 данада; шақыру билет 100 данада; афиша А2 – 40 данада А3 40 – данада; ПТС қызметі; бейне контент, фото-видео; жарнамалық бейне-ролик дайындау; сайттарға, әлеуметтік желілерге ақпараттандырумен қамтамасыз ету - 1 қызмет;

6. Дина Нұрпейісова атындағы академиялық қазақ халық аспаптар оркестрі жанындағы «САРМАД» этно-фольклорлық ансамблінің «Фольклорлық аспаптар кеші» концерті бойынша, баннер (3м х 6м): 1 дана, бағдарлама шығару: 100 дана, шақыру билеті: 100 дана, афиша: А2 (40 дана), А3 (40 дана), ПТС қызметі, бейне контент, фото-видео, жаңалық бейне-ролик дайындау 1 дана және афиша, баннер, шақыру билеттерін таратумен қамту.

7. Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрінің құрылуына 35 жыл толуына арналған маусымашар концерт бойынша, баннер (3м х 6м): 1 дана, бағдарлама шығару: 40 дана, шақыру билеті: 100 дана, афиша: А2 (40 дана), А3 (40 дана), Оркестрдің 35 жылдығына орай статуэтка шығару: 35 дана, ПТС қызметі, бейне контент, фото-видео, жаңалық бейне-ролик дайындау, сайтқа, әлеуметтік желілерге ақпараттандыруды қамтамасыз ету, афиша, баннер, шақыру билеттері: дизайн жасау 1 қызмет.

2. Республиканың, облыстардың және алыс, жақын шетелдердің шығармашылық ұйымдарымен іскерлік ынтымақтастық орнату;

11-17.03.2025ж. Steglitz-Zehlendorf ауданы Мэрия ғимаратында, Еліміздің тарихи және мәдени мұрасын шет елдерде кеңінен паш ету мақсатында және Наурыз мейрамын кеңінен таныту мақсатында «Сармад» этно-фольклорлық ансамблі Германия мемлекетінің астанасы Берлин қаласында концерт берді.

2025ж. 22-23 сәуірде БҚО, Орал қаласында, «Атамекен» өнер ордасында, «Күйден классикаға» және “SOUNDTRACK” концертін өткізілді.

2025ж. 10 тамызында Жапонияда Дүниежүзілік EXPO-2025 көрмесінде Қазақстанның ұлттық күні аталып өтті.

2025 жылғы 25 тамызда Астрахан қаласында V Халықаралық классикалық өнер фестивалі – «Каспий маусымдары» аясында Каспий маңы елдерінің музыкалық мәдениеті күндері шарасына қатысты.

Жоспар бойынша басқа облыстарда гастрольдік шаралар тоқтатылды.

3. Басқа концерттік ұйымдармен, оркестрлермен және қоғамдық қорлармен бірлесіп гастрольдер өткізу.

Басқа концерттік ұйымдармен, оркестрлермен және қоғамдық қорлармен бірлесіп гастрольдер өткізу бойынша 9 ай ішінде шаралар жүргізілмеді.

4. Облыс, қала, аудандар ұйымдарымен және кәсіпорындарымен бірлесіп, концерттік, салтанатты кештер өткізу бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу.

Облыс, қала, аудандар ұйымдарымен және кәсіпорындарымен бірлесіп, концерттік, салтанатты кештер өткізу бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу.

28.01.2025ж. Махамбет атындағы Академиялық қазақ драма театрында, «Сармад» этно-фольклорлық ансамблі «Алаш аманаты» аты концертін қойды.

06.02.2025ж. Құрманғазы ауданында Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрі жанындағы “Сармад” этно-фольклорлық ансамблінің “Алаш аманаты” және «Күй құдірет» концертін өткізді.

14.02.2025ж. Махамбет ауданында Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрінің жаңа бағдарламамен үздік кинофильмдерден “SOUNDTRACK” концертін өткізді.

26.02.2025ж. Атырау қаласында Н. Жантөрин атындағы облыстық филармония сахнасында Д. Нұрпейісова атындағы Академиялық оркестр жанынан құрылған “Сармад” этно-фольклорлық ансамблі «Бабадан аманат» атты ән-күй кеші өтті.

05.03.2025ж. Атырау қаласында Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрінің ұйымдастыруымен өткізілетін “Дирижерлер шеруі” концерті өтті.

18.03.2025ж. Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрі және “Сармад” этно-фольклорлық ансамблі Наурызнаманың 10 күндік аясында Исатай-Махамбет алаңында «Ұлттық киім» атты концерт берді.

22.03.2025ж. «Наурыз думан» атты мерекелік шарағасы өтті «Сармад» этно-фольклорлық ансамблі «Исатай — Махамбет» алаңында өнер көрсетті.

11.04.2025ж. Атырау қаласында Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрінің ұйымдастыруымен өткізілеген Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, КСРО халық әртісі, Халық Қаһарманы, күйші-композитор Нұрғиса Тілендиевтің туғанына 100 жыл толуына арналған «Өз елім» атты концерті өтті.

16.04.2025ж. Махамбет атындағы Академиялық қазақ драма театрында “Сармад” этно фольклорлық ансамблінің Атырауда жұмысшы жастардың республикалық форумына концерті өтті.

22.04.2025ж. Батыс Қазақстан облыстық филармониясы Атамекен концерт залы, Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрінің жеке орындаушылары “Күйден классикаға...” атты концерті өтті.

23.04.2025ж. Орал қаласындағы Батыс Қазақстан облыстық филармониясы Атамекен концерт залында «Soundtrack» концертін өткізді.

28.04.2025ж. Махамбет атындағы Академиялық қазақ драма театрында «Сармад» ансамблі «Көне мен Жаңа» атты жеке концертін берді.

11.06.2025ж. Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрінің дәстүрлі әншісі, республикалық конкурстардың лауреаты Берік Амантайұлының «Дауылпаз» ән кеші концертін өтті.

22.06.2025ж. Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрі “SOUNDTRACK” концертін Махамбет атындағы Академиялық қазақ драма театрында өткізді.

04.07.2025ж. «Сармад» этно-фольклорлық ансамблі Индер ауданының мәдениет үйінде Астана күніне орай концерт қойылды.

06.07.2025ж. Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрі «Ұлттық Домбыра күні» Бейбарыс алаңында концерт өтті.

27.08.2025ж. 2025 жылдың Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрінің шағын құрамы Исатай ауданында болды.

Мұнайшылар күні қарсаңында «Жалын» мәдениет үйінде «Soundtrack» концерт өтті.

29.08.2025ж. Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрі Индер ауданында болды.

Индер аудандық мәдениет үйінде 30 тамыз ҚР Конституциясы күніне орай «Soundtrack» концерттік бағдарламасын ұсынды. Концертте шетел классиктерінің шығармаларымен бірге қазақтың патриоттық әндері мен күйлері орындалды.

23.09.2025ж. 35 -ші концерттік маусымның ашылуы Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрі “Күмбір” күй кеші атты концертін Махамбет атындағы Академиялық қазақ драма театрында өтті.

Концерттік, салтанатты кештер өткізу бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізіліп, қандай да бір заңбұзушылықтар мен қателіктер анықталған жоқ.

5. Қорытынды.

Қорытындылай келе, ішкі талдау жүргізілген кезеңде сыбайлас жемқорлық тәуекелдер анықталған жоқ.

Кәсіпорын қызметкерлерінің тарапынан жоспарланған және жоспардан тыс іс-шаралар бойынша уақытылы өтілуде, заңды мүдделерін іске асыруды қиындататын қандай болса да заңсыз іс-әрекеттер (әрекетсіздіктер) анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша Кәсіпорынның интернет-ресурсында жариялансын.

№ р/н	А.Ә.Т	Лауазымы
1	Исмагулов Жеңіс Жұжамажанұлы	Басшы орынбасары <i>Исмагулов</i>
2	Мендигалиева Алтын Нурлановна	Комплаенс – офицер <i>Мендигалиева</i>
3.	Құмарова Анар	Заңгер <i>Құмарова</i>